

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Биржалық кеңесінің шешімімен
(2011 жылдың 28 сәуіріндегі № 10 хаттама)

Б е к і т і л д і

2011 жылдың 01 маусымынан бастап
қолданысқа енгізілді

Басқарма туралы
Қ А Ғ И Д А

Алматы қ.
2011

1. Жалпы қағидалар

1. "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының осы Басқарма туралы Қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының заңнамасына, "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Биржа) Жарғысына, Биржаның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес әзірленіп, Биржа Басқармасының (бұдан әрі - Басқарма) құқықтық мәртебесі мен қызметін ұйымдастырудың негізгі принциптерін анықтайды.
2. Басқарма Биржаның алқалық атқарушы органы болып табылады және, Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңымен (бұдан әрі - Заң) және Биржаның Жарғысымен (бұдан әрі - Жарғы) акционерлердің жалпы жиналысының және (немесе) Биржаның Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – Биржалық кеңес) ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Биржаның ағымдағы қызметін басқарады.
3. Өз қызметін жүзеге асыру барысында Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасын, Биржаның Жарғысын, Корпоративтік басқару кодексін (бұдан әрі - Кодекс) және Қағиданы басшылыққа алады.

2. Басқарма құзыреті

4. Басқарма, Қазақстан Республикасының Заңымен, басқа заңнамалық актілерімен және Жарғымен Биржаның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған, Биржа қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.
5. Басқарма акционерлердің жалпы жиналысының және Биржалық кеңестің шешімдерін орындауға міндетті.
6. Басқарма Заңға, Жарғыға және Биржалық кеңес туралы қағидаға сәйкес, акционерлердің жалпы жиналысының және (немесе) Биржалық кеңестің құзыретіне жатқызылған, мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының және (немесе) Биржалық кеңестің шешімдеріне қарсы келетін шешімдерді қабылдауға құқықсыз.
7. Вето құқығын қарастыратын, мәселелер бойынша Басқарманың шешімдері "алтын акция" иесінің келісімінсіз қабылданбайды.

3. Басқарма құрамы мен өкілеттілігінің мерзімі

8. Басқарманың сандық құрамын, өкілеттілігінің мерзімін, оның басшылары мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату Биржалық кеңестің айырықша құзыретіне жатады.
9. Биржаның акционерлері және оның акционерлері болып табылмайтын, Биржа қызметкерлері Басқарма мүшелері бола алады.
10. Басшыдан басқа Басқарма мүшелері Биржалық кеңестің құрамына сайланбайды.
11. Биржалық кеңес Қазақстан Республикасының Заңнамасында, Биржа Жарғысында, Кодексінде және басқа да ішкі құжаттарында анықталған, тәртіпке сәйкес Басқарма мүшелерін сайлайды.
12. Басқарма мүшесіне қойылатын талаптарға сәйкес келетін, кез келген тұлғаның Басқарма құрамына шексіз мәрте сайлануына мүмкіндігі бар.
13. Басқарма мүшесінің әр бір сайлануында оның өкілеттілігінің мерзімі 3 (үш) жылдан аспауы тиіс.
14. Басқарма мүшесінің өкілеттілік мерзімі тоқтатылғаннан кейін Биржа осы лауазымға үміткерлердің ашық байқауын өткізеді.
15. Биржалық кеңес Басқарманың барлық немесе жеке мүшелерінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

16. Басқарма мүшесінің бастамасымен оның өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтату оның жазбаша өтініші негізінде және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптары сақталумен жүзеге асырылады.
17. Басқарма мүшесінің өкілеттілігі Биржалық кеңес тиісті шешім қабылдаған сәттен бастап тоқтатылады.

4. Басқарма мүшесіне қойылатын талаптар

18. Басқарма мүшелігіне үміткерлердің кәсіби тәжірибесі, білімі және іскерлік беделі, Басқарма қызметіне өз үлесін қосу және жалпыға бірдей мақсаттар мен нәтижелерге жету ниеті болуы тиіс.
19. Басқарма мүшелері Биржаның басшылық қызметкерлері болып табылады және Биржа құрамына сайланғаннан кейін өкілетті органдардың мақұлдауынан өтуі тиіс.
20. Басқарма мүшесі лауазымына:
 - 1) жоғары білімі бар;
 - 2) бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамада белгіленген, тізімі өкілетті органмен белгіленетін, халықаралық қаржылық ұйымдарда еңбек өтілі және (немесе) қаржылық қызметтерді және (немесе) қаржы ұйымдарының аудитін өткізу бойынша қызметтерді ұсыну және (немесе) реттеу саласында еңбек өтілі бар;
 - 3) мінсіз іскерлік беделі бар;
 - 4) бұдан бұрын уәкілетті орган, қаржылық ұйымның консервациясын жүзеге асыру, мәжбүрлеп акцияларын қайта сатып алу, қаржылық ұйымның лицензиясынан айыру, сондай-ақ қаржылық ұйымды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіпте мәжбүрлеп жою немесе банкрот деп мойындау туралы шешім қабылдауына дейін бір жылдан аспайтын кезеңде, айтылмыш ықпалшаралар қолданылған ұйымның, директорлар кеңесінің бірінші жетекшісі, басқарманың бірінші жетекшісі (тіркеушінің атқарушы органының функциясын жеке-дара жүзеге асырған тұлға, трансферт-агенті) және оның орынбасары, бас бухгалтері, ірі-қатысушы – жеке тұлға, қаржы ұйымының ірі қатысушысы – заңды тұлғасының бірінші жетекшісі болып табылмайтын тұлға сайлануы мүмкін. Аталмыш талап өкілетті органның қаржы ұйымының консервациясы, оның акцияларын мәжбүрлеп қайта сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлеп жою немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте оны банкрот деп мойындау туралы шешімді қабылдағаннан кейінгі бес жыл арасында қолданылады;
 - 5) осы тұлғаның басқа қаржы ұйымында басшылық қызметкер лауазымын атқару кезеңінде басшылық қызметке тағайындалуына (сайлануына) берілген келісімі қайтарылмаған тұлға сайлана алады. Айтылмыш талап өкілетті органның басшылық қызметке тағайындалуына (сайлауына) берілген келісімін қайтару туралы шешімі қабылданғаннан кейінгі қатарынан соңғы он екі ай бойы қолданылады.
21. Өкілетті орган Басқарма мүшесінің әрекеттерін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейді деп тану үшін жеткілікті деректердің негізінде Басқарма мүшесін қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетуге құқылы.
22. Өкілетті орган Басқарма мүшесі лауазымына сайлауға берілген келісімін мынадай негіздермен шақыртып алуға құқылы:
 - 1) келісім беруге негіз болған, мәліметтер жалғандығының анықталуы;
 - 2) өкілетті органның Басқарма және (немесе) Биржа мүшесіне қатысты ықпалшараларды жүйелі түрде (соңғы он екі біріді айдың арасында үш және одан да көп) қолдануы;
 - 3) Өкілетті орган Басқарма мүшесінің әрекеттерін Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес келмейді деп тану үшін жеткілікті деректердің негізінде Басқарма мүшесін қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетуі;
 - 4) кешірілмеген немесе өтелмеген сотталғандығының болуы.

23. Өкілетті орган Басқарма мүшесі лауазымына тағайындалуға берілген келісімді шақыртып алған жағдайда Биржа аталған Басқарма мүшесінің өкілеттілігін тоқтату бойынша шараларды қолдануы тиіс.

5. Басқарма функциялары, Басқарма мүшесінің құқықтары мен міндеттері

24. Басқарма функциялары Қазақстан Республикасының Заңында, басқа да заңнамалық актілерінде анықталған.
25. Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттері Республикасының Заңында, басқа да заңнамалық актілерінде, Жарғыда, сондай-ақ аталған тұлға мен Биржа арасында жасалатын еңбек келісім-шартында анықталған.
26. Биржа Президентімен Биржа атынан еңбек келісім-шартына Биржалық кеңес төрағасы немесе акционерлердің жалпы жиналысы немесе Биржалық кеңес осы әрекетке өкілдеген тұлға қол қояды.
27. Басқарманың қалған мүшелерімен жасалатын еңбек келісім-шартына Биржа Президенті қол қояды.
28. Биржаның Басқарма мүшелерімен жасайтын еңбек келісім-шартында Қағидада қарастырылған, құқықтар мен міндеттер болуы тиіс.
29. Міндеттерді тиісті орындау мақсатында Басқарма мүшесі:
- 1) Заңда және Жарғыда анықталған тәртіпке сәйкес, Басқарма отырысын шақыртуды талап етуге;
 - 2) өз құзыретіне жататын, мәселелер бойынша қажетті әрі толық ақпаратты уақылы алуға;
 - 3) Басқа мүшесінің қызметіне қатысты, өз құзыреті аясында әрекеттер мен шешімдерді қабылдауға;
 - 4) Биржа Президентінің шешімімен Биржа қызметінің негізгі бағыттары бойынша кәсіби біліктілігін арттыруға арналған оқулардан өтуге;
 - 5) Биржа қызметкерлерінің өз лауазымдық міндеттерін орындау кезінде оларға қатысты Биржаның саясатында қарастырылған, әлеуметтік қолдау мен сақтандыру кепілдігін алуға;
 - 6) Қазақстан Республикасы заңнамасында және (немесе) Биржаның басқа да ішкі құжаттарында белгіленген, нормалар мен шектеулер аясында, Басқарма мүшесінің міндеттерін орындауына тікелей байланысқан, іссапар өтемақысын және өзге шығындарды алуға құқылы.
30. Басқарма мүшесі:
- 1) өзіне жүктелген міндеттерді адал орындауға және Биржа мен оның акционерлерінің мүддесін ең үлкен дәрежеде айқындайтын, тәсілдерді қолдануға;
 - 2) Биржа мүлігін қолданбауға және мүліктің Жарғыға және акционерлердің жалпы жиналысының және Биржалық кеңестің шешімдеріне қарама-қайшы, сондай-ақ жеке мақсаттарда қолдануына және өзінің аффилиирленген тұлғалармен мәмілелер жасау кезінде асыра пайдалануына жол бермеуге;
 - 3) тәуелсіз аудитті өткізуді қосқанда, бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп берушілік жүйелерінің бір тұтастығын қамтамасыз етуге;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес Биржа қызметі туралы ақпараттың ашылуын және ұсынылуын бақылауға;
 - 5) Биржа қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, соның ішінде өзгесі Биржаның ішкі құжаттарында белгіленбеген жағдайда, Биржадағы қызметі тоқтатылған сәттен бастап үш жыл арасында сақтауға;
 - 6) Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына, Биржа Жарғысы мен ішкі құжаттарына, еңбек келісім-шартына сәйкес, ақпараттану, айқындалу негізінде Биржа және оның акционерлерінің мүддесі үшін әрекет етуге;

- 7) өз құзыреті шегінде корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз ой-пікірін білдіруге;
 - 8) Басқарма отырыстарына белсенді қатысуға және Биржа Президентіне Басқарма отырысына қатыса алмайтындығының себептерін түсіндірумен, мерзімінен бұрын хабарлауға;
 - 9) Басқарма мүшесінің мүддесі мен Биржа мүддесінің арасында дау-дамайға әкелетін немесе әкелуі мүмкін, әрекеттерден тартынуға, мұндай дау-дамай орын алған немесе туындаған жағдайда – бұл туралы Биржа Президентіне ақпаратты ашуға және өзінің бұдан әрі әрекеттерінің тәртібін сақтауға шаралар қолдануға;
 - 10) мүддесі қарастырылған, мәмілені жасау ниеті туралы Биржа Президентіне жазбаша хабарлау, сондай-ақ ақпаратты ашу үшін Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген, тәртіпте өзі жасаған мәмілелер туралы ақпаратты ашуға;
 - 11) шешімдері өзінің мүддесін қарастыратын, мәселелер бойынша дауыс беруден тартынуға (Басқарма мүшесінің немесе оның аффилиирленген тұлғаларының мүддесі қарастырылған мәміле) міндетті. Бұл ретте Басқармаға осындай мүдделіліктің фактісімен қатар, оның туындау негіздерін ашып айтуға;
 - 12) Басқарма мүшесінің міндетін атқару кезінде және Биржадағы қызметі аяқталғаннан кейін Биржаның ішкі ережелерінде белгіленген мерзім арасында жеке мүддесі немесе үшінші тұлғалар мүддесі үшін Биржа туралы құпия ақпаратты, сондай-ақ заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, инсайдерлік ақпаратты таратпауға және қолданбауға міндетті.
31. Басқарма мүшелері, сондай-ақ олардың аффилиирленген тұлғалары:
- 1) инсайдерлік ақпаратты қолданумен өзінің немесе үшінші тұлғалардың мүддесі үшін бағалы қағаздармен мәмілелерді жасауға;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты немесе оған негізделген ақпаратты үшінші тұлғаларға таратуға немесе үшінші тұлғалар үшін қол жетімді етуге;
 - 3) инсайдерлік ақпаратқа негізделген, бағалы қағаздармен мәмілелерді жасау туралы ұсыныстарды үшінші тұлғаларға беруге құқылы.
32. Басқарма мүшелері тек Биржалық кеңестің келісімімен ғана өзге ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.
33. Басқарма мүшелері мынадай заңды ұйымдардың басшысы және (немесе) инсайдері болуға құқықсыз (Биржаға қатысты еншілес ұйымдар немесе тәуелді акционерлік қоғамдар болып табылатын ұйымдарды қоспағанда):
- 1) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының,
 - 2) бағалы қағаздары Биржа листингіне енгізілген, эмитенттің,
 - 3) бағалы қағаздарды ресми тізімге енгізу және олардың осы тізімде болуы үшін Биржа мойындаған, аудиторлық ұйымдардың тізіміне енгізілген, аудиторлық ұйымның,
 - 4) рейтингтік бағалаулары Қазақстан Республикасының өкілетті органдарымен мойындалатын, рейтингтік агенттіктің.
34. Қағиданы бекіту сәтіне Қағиданың 33 тармағындағы талаптарға сай келмейтін, Басқарма мүшелері Қағиданың қолданысқа енгізілу күнінен бастап ең көбі 12 (он екі) айдан кешіктірмей өз мәртебесін аталған талаптарға сәйкестендіруі тиіс.
35. Басқарма мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да құқықтарға ие және басқа міндеттерді орындайды.

6. Биржа Президентінің өкілеттіліктері

36. Биржа Президенті Басқарма құрамына кіреді және оның басшысы болып табылады.
37. Биржалық кеңес Биржа Президентінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы және жаңа Биржа Президентін сайлау туралы мәселені кез келген уақытта шешуге құқылы.

38. Биржа Президенті:
- 1) акционерлердің жалпы жиналысының және Биржалық кеңес шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
 - 2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Биржа атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
 - 3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында Биржаның атынан әрекет ету құқығына сенімхат береді;
 - 4) Биржа қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды, қызметтерін ауыстырады және жұмыстан босатады (Заңмен белгіленген, жағдайларды қоспағанда), оларға қатысты көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады, Биржа қызметкерлерінің лауазымдық еңбекақысының мөлшерін және Биржаның штаттық кестесіне сәйкес еңбекақыларына жеке үстемақыны белгілейді, Биржалық кеңес сайлаған, қызметкерлерді қоспағанда, Биржа қызметкерлері сыйақыларының мөлшерін анықтайды;
 - 5) өзі болмаған жағдайда міндеттерін Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
 - 6) Басқар мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттілік пен жауапкершілікті бөледі;
 - 7) Жарғыда және акционерлердің жалпы жиналысының және Биржалық кеңестің шешімдерімен анықталған, басқа функцияларды атқарады.
39. Жарғыға сәйкес Биржа Президенті дауыс беруге қатысу құқығымен тұрақты түрде Биржалық кеңестің құрамына кіреді (лауазымы бойынша).
40. Биржа Президенті Биржалық кеңестің және (немесе) Биржалық кеңес комитетінің төрағасы бола алмайды.
41. Биржа Президенті атқарушы органның басшысы немесе басқа заңды тұлғаның атқарушы органының қызметін жеке дара атқаратын, тұлға лауазымын атқара алмайды.

7. Басқарма қызметін және оның отырыстарын ұйымдастыру

42. Биржа Президентінің немесе Басқарма мүшесінің бастамасымен Басқарма отырысы шақыртылуы мүмкін.
43. Басқарма отырысын өткізу үшін кворум Жарғыда анықталады, алайда ол Басқарма мүшелері жалпы санының жартысынан кем болмауы тиіс.
44. Басқарма шешімдері, басқасы Жарғыда қарастырылмаса, отырысқа қатысқан Басқарма мүшелерінің көпшілік дауыс беруімен қарапайым тәсілмен қабылданады.
45. Басқасы Басқарма шешімінде, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде немесе Биржаның ішкі құжаттарында анықталмаса, Басқарма шешімі Басқарма қабылдаған сәттен бастап күшіне енеді.
46. Биржаның сайланған мүшесі немесе Басқарманың тиісті шешімінің негізінде оның орынбасары болатын тұлға Басқарма хатшысы болып табылады.
47. Басқарма шешімдері Басқарма отырысына қатысқан барлық мүшелердің қолы қойылған, дауыс беруге ұсынылған мәселелер, оларға қатысты әр бір мәселеге қатысты Басқарма мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетілген, дауыс беру қорытындылары бар, хаттамалармен рәсімделеді.
48. Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, соның ішінде Басқарманың басқа мүшесіне беруге тыйым салынған.
49. Басқарма отырысының хаттамасында :
- 1) Биржа атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
 - 2) отырыстың өтетін күні, уақыты мен мекен-жайы;
 - 3) отырысқа қатысқан тұлғалар жайлы деректер;
 - 4) отырыстың күн тәртібі;

- 5) Басқарма отырысы күн тәртібінің дауыс беруге ұсынылған мәселелері, оларға қатысты әрбір мәселеге қатысты Басқарма мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетілген, дауыс беру қорытындылары;
 - 6) қабылданған шешімдер;
 - 7) Басқарма шешімдері бойынша басқа мәліметтер болуы тиіс.
50. Жарғыда және (немесе) Биржаның ішкі құжатында Басқарманың талқылауына шығарылған, мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы, Басқарманың шешімдер қабылдауы мен осындай шешімдерді қабылдау тәртібі қарастырылуы мүмкін.
 51. Басқарма отырыстарының хаттамалары мен сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдер Биржаның мұрағатында сақталады.
 52. Акционердің немесе Биржаның лауазымды тұлғасының талабы бойынша Басқарма хатшысы оған танысу үшін Басқарма отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді ұсынуы тиіс және (немесе) хатшының қолымен (Биржаның басқа өкілетті қызметкерінің) расталған және Биржаның мөрі басылған хаттаманың үзінді көшірмесін және шешімдерді беруі тиіс.
 53. Акционерлер Басқарманың Заң мен Жарғы талаптарын бұзып, қабылдаған шешіміне, егер осы шешіммен Биржа және (немесе) аталған акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылса, сот арқылы қарсы шығуға құқылы.
 54. Басқарма отырыстары қажеттілікке қарай (көзбе-көз немесе сырттай), ең көбі айына бір рет өткізіледі.
 55. Басқарма Биржаның ішкі құжаты болып табылатын және Басқарма қызметін ұйымдастыруға байланысқан және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылмаған, мәселелерді қосымша реттейтін, өз жұмысының регламентін бекітуге құқылы.
 56. Басқарма қызметін ұйымдастыру шеңберінде Биржа Президенті:
 - 1) Басқарманың Биржаның басқа органдарымен өзара тиімді әрекеттесуін қамтамасыз етеді;
 - 2) Басқарма отырыстары күн тәртібін қалыптастырады және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпаратты Басқарма мүшелеріне уақытылы ұсыну үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды;
 - 3) Басқарма мүшелерінің аталмыш мәселелер бойынша өз пікірлерін еркін білдірулерін және олардың ашық талқылануын қолдайды, қарастырылатын мәселелер бойынша шешімдер жобаларын қалыптастыруға бастамалайды.
 57. Биржа құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, Биржаның басқа қызметкерлері, соның ішінде Басқарма хатшысы арқылы, Басқарма отырысы күн тәртібінің мәселелері бойынша және Басқарманың кез келген мүшесінің сұратуы бойынша толық және дерекеті ақпаратты Биржа мүшелеріне уақыты ұсынады.

8. Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу

58. Басқарма басшысы мен мүшелерінің лауазымдық еңбекақыларының мөлшерін және еңбектерін төлеу шарттары мен сыйақы төлеу тек Биржалық кеңестің құзыретіне жатады.
59. Басқарма мүшесіне тағайындалатын лауазымдық еңбекақының ай сайынғы мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аталмыш сомадан салықтық және міндетті ақша аударымдарын ұстап қалумен ұлттық валютада (теңгеде) белгіленеді.
60. Биржа Президенті мен Басқарманың басқа да мүшелерінің лауазымдық еңбекақыларының мөлшері Басқарманың сандық құрамын, өкілеттілігі мерзімін, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату кезінде Биржалық кеңестің шешімімен белгіленуі мүмкін.
61. Басқарма мүшесінің лауазымдық еңбекақысының Биржа кеңесі белгілеген мөлшері Биржалық кеңес басқа шешім қабылдамаған жағдайда, өкілеттілігінің толық мерзіміне белгіленеді.

62. Басқарма мүшесінің ай сайынғы лауазымдық еңбекақыны төлеу тәртібі еңбек келісім-шартында белгіленеді.
63. Биржа Президентінің уақытша қызметін атқару кезеңінде оның орнындағы тұлғаның ай сайынғы лауазымдық еңбекақысына үстемақы белгіленбейді және төленбейді.
64. Биржалық кеңестің отырысында есептік жылдағы Биржа және Басқарма қызметінің нәтижелерін қарастыру қорытындылары бойынша Биржалық кеңес есептік жылға Биржа мүшелеріне жылдық сыйақы төлемінің мөлшерін белгілеу және оны Басқарма мүшелеріне төлеу туралы шешім қабылдайды.
65. Басқарма мүшелерінің жылдық сыйақылары мөлшерін есептік жыл арасында әрбір Басқарма мүшесінің жұмысын бағалау нәтижелері бойынша Биржалық кеңес шешімімен анықталады.
67. Басқарма мүшелерінің жылдық сыйақыларының жалпы сомасы Биржа бюджетінде қарастырылған, сома шегінде, сондай-ақ еңбекақы төлеу қоры бойынша Биржаның жалпы үнемдеуі есебінен белгіленеді.
68. Басқарма мүшелерінің жылдық сыйақы мөлшерін анықтау Биржа жұмысының стратегиялық жоспары жүзеге асыруға байланысқан, қызметкерлерге сыйақы төлеу және еңбектеріне бірдей бағалау жүйесінің, Биржаның негізгі міндеттерін орындауы, қызметінің тиімді көрсеткіштеріне қол жеткізуі және қаржылық тұрақтылығы негізінде жүзеге асырылады.
69. Басқарма мүшелерінің еңбегін бағалау және оларға сыйақы төлеу тәртібі Биржалық кеңес бекіткен, Биржаның ішкі құжаттарында анықталады.
70. Басқарма мүшесінің есептік кезеңдегі сыйақысының жалпы мөлшері оның есептік кезеңіндегі ай сайынғы лауазымдық еңбекақысының жылдық сомасының 70 (жетпіс) пайызынан аспауы тиіс.
71. Биржалық кеңес Басқарма мүшесіне оның лауазымдық еңбекақысының мөлшерінен аспайтын мөлшерде бір реттік сыйақы төлеу туралы шешім қабылдауы мүмкін.
72. Биржаның өз қызметкерлерін міндетті және (немесе) өз еріктерімен сақтандыру туралы келісім-шарт жасасқан жағдайда, сақтандыру өтелімі Басқарма мүшелерінің өз қызметтік міндеттерін орындау кезеңінде қолданылады.
73. Өз еркімен сақтандыру кезінде, сақтандыру өтелімі қарастырылған, Басқарма мүшесінің келісімімен сақтандыру жүзеге асырылады.

9. Басқарма мүшелерінің жауапкершілігі

74. Биржа Президенті мен Басқарма мүшелері Биржаның лауазымды тұлғалары болып табылады және оларға өз міндеттерін орындамағаны немесе тиісті орындамаған үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған, жауапкершілік жүктеледі.
75. Биржа Президенті мен Басқарма мүшелері әрекеттерімен және (немесе) әрекетсіздіктерімен келтірілген залалы үшін, сондай-ақ:
 - 1) адастыратын ақпаратты немесе әдейі жалған ақпаратты ұсынғаны;
 - 2) Заңда қарастырылған, ақпаратты ұсыну тәртібін бұзғаны;
 - 3) олардың жосықсыз әрекеттерінің және (немесе) әрекетсіздіктерінің нәтижесінде, соның ішінде олардың немесе өздерінің аффилиирленген тұлғаларының Биржамен ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделері қарастырылған, мәмілелерді жасау нәтижесінде пайда табу мақсатында, осындай мәмілелерді жасау және (немесе) жасау туралы шешім қабылдауды ұсынунәтижесінде орын алған, бірақ олармен шектелмеген, шығындарды қосқандағы Биржаның шығындары үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген, Биржа мен акционерлер алдында жауап береді.
76. Заңда және (немесе) Жарғыда қарастырылған, жағдайда акционерлердің жалпы жиналысында мүддені қарастыратын, ірі мәмілені және (немесе) мәмілені жасау туралы шешімді қабылдау оларды жасауға ұсынған немесе оларды орындау нәтижесінде Биржа шығынға ұшыраса, өздері немесе өздерінің аффилиирленген тұлғалары пайда табуды

көздеп, Биржа органының отырысында жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген Биржа Президенті мен Басқарма мүшелерінен жауапкершіліктен босатылмайды.

77. Орындалуы нәтижесінде Биржа шығынға ұшыраған, мәмілені жасауда мүддесі қарастырылған және мәмілені жасауды ұсынған, лауазымды тұлғаны қоспағанда, Биржа Президенті және Басқарманың басқа мүшелері, Биржаның немесе акционердің шығынға ұшырауына әкеліп соқтырған, қоғам органы қабылдаған, шешімге қарсы дауыс берген немесе дәлелді себептермен дауыс беруге қатыспаған жағдайда, жауапкершіліктен босатылады.
78. Биржа Президенті мен Басқарманың басқа да мүшелері коммерциялық (кәсіпкерлік) шешімнің нәтижесінде туындаған шығындарды өтеуден, егер оны қабылдау сәтінде маңызды ақпарат және осындай шешімнің Биржа мүддесін қарастыратынын дәлелдеу негізінде, Заңда белгіленген, Биржаның лауазымды тұлғалары қызметінің принциптерін сақтаумен тиісті түрде қабылданғаны дәлелделсе, босатылады.
79. Егер Биржаның қаржылық есеп беруі Биржаның қаржылық жағдайын бұрмалаған жағдайда, Биржаның осы қаржылық есеп беруіне қол қойған Биржаның лауазымды тұлғалары осының нәтижесінде материалды шығынға ұшыраған, үшінші тұлғалар алдында жауап береді.
80. Биржа Басқарманың Биржа белгілеген шектеулерді бұзып жасаған мәмілелерді шынайылығына, егер мәмілені жасау кезінде тараптардың осындай шектеулер жайлы хабардар болғанын дәлелдесе, дауласуға құқылы.
81. Қағиданың мақсаттары үшін анықтамалар деп мыналарды түсінеміз:
 - 1) жосықсыз, яғни Биржа мүддесін қарастырмайтын, тек өз мүдделері қарастырылған, ірі мәмілелерді және (немесе) мәмілелерді, жасалу нәтижесінде Биржаның кәсіпкерлік тәуекелмен шектелмейтін шығындарға ұшырауына әкелетін, Биржаның лауазымды тұлғалары қызметтерінің Заңда белгіленген принциптерін бұзып, жасау туралы шешімді қабылдау (жасауға ұсыну);
 - 2) әрекетсіздік, яғни жасалу нәтижесінде Биржаның кәсіпкерлік тәуекелмен шектелмейтін шығындарға ұшырауына әкелетін, мүдделері қарастырылған, ірі мәмілелерді және (немесе) мәмілелерді жасау туралы шешімді қабылдау кезінде Биржаның лауазымды тұлғасының тартынуы.

10. Қорытынды қағида

82. Осы Қағида, сондай-ақ оған енгізілетін барлық өзгертулер мен толықтыруларды Биржалық кеңес бекітеді.